


**Әл-Фараби атындағы
кітапхана**

Геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик.
Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туылғанына 120 жыл.

**Кітапхана қорының
топтамасы**




- Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген. 1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.




Сәрсекеев, М. Медеу. Сәтбаев [Текст] : монография / М. Медеу. Сәрсекеев. - Алматы : Жалын, 1988. - 526,[1] б.

Бұл кітап Қаныш Сәтбаевтың өмір жолын жан –жақты баяндайтын деректі ғұмырнама. Туған елінің көгіне таң жұлдызындай жарқырып шығып, өшпес сәуле шашқан, артында өлмес ұлы істер қалдырған ардақты азамат, зор ғұламаның өмірі жайында жазылған.




Сарсекеев, М. Сатпаев/ Медеу Сарсекеев; авт. пер. с каз. С. Плеханова.- (доп., 2-е изд.).- Алма-Ата: Өнер, 1989.- 445, [1] с.

Книга рассказывает о первом президенте АН КазССР К. и. Сатпаеве. Сын степного кочевника, учитель, инженер-геолог, первооткрыватель огромных запасов медных руд в Дзезказгане, К. Сатпаев прошел путь от члена ревкома до заместителя Председателя Совета Союза Верховного Совета СССР. Книга М. Сарсекеева, написанная на основе документальных материалов, воссоздает замечательный облик этого ученого и государственного деятеля.




Қаныш аға [Текст] : акад. Қ. И. Сәтбаев туралы естеліктер / ред. алқасы А. Абдуллин. - Алматы : Жазушы, 1989. - 395, [3] б. - (Жайсаң жандар).

Бұл кітап академик Қаныш Сәтбаевтың ғылымдық, творчестволық, қоғамдық, ұйымдастырушылық еңбегін, орасан зор талантын, шалқар болмысын, таң-тамаша рухани келбетін, үлкен адамгершілік қасиеттерін жұртшылық тереңірек түсінуге септігін тигізбек. Кітап Қаныш Сәтбаевпен қызметтес болған ғалымдар, қайраткерлер, жазушылар естеліктерінен тұрады.




Сәрсекеев, М. Медеу. Қуғындалған "Сәтбаев" [Текст] : естелік-эссе / М. Сәрсекеев. - Алматы : Шабыт, 1994. - 242,[3] б.

Осы туындыда Қаныш Сәтбаевтың ғалым, ұйымдастырушы, мемлекет қайраткері ретіндегі бейнесі жасалады. Бірақ ақиқатты арқау еткен кітаптың көптеген қиыншылықпен шыққаны жұрқа белгісіз еді. Мұнда сол келеңсіздік өкінішпен, ашыныспен айтылады.




Салықов, Қ. Қаныш Сәтбаев [Текст] : монография / Қ. Салықов. - Алматы : Жибек жолы, 1999. - 59,[1] б. -). Кітап қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған. Орыс кітап қорында.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрген бұл бұл буклет Қазақстанның тұңғыш академигі Қ. И. Сәтбаевтың өмірі мен қызмет жолына арналады.



Сәрсеке, Медеу. Қаныш Елі [Мәтін] = Родина Сәтпаева = Satpaev's Homeland : альбом-кітап / М. Сәрсеке, [құраст. О. В. Таланова]. - Алматы-Павлодар : Жібек жолы, 1999. - 335, [1] б. - (Жарқын тұлғалар ордасы). - Кітап қаз., орыс және ағылшын тілдерінде.

Академик Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығына арнайы шыққан ел ғұмырының шежіре-тарихынан сыр шертетін, түрлі түсті суреттермен безендірілген альбом-кітап біртуар перзенті, ұлтымыздың мәртебесін әлемдік деңгейге көтеріп, мәңгі өлмес еңбектер жасап кеткен ғұлама ғалымға арналады.




Заңғар: Қ. Сәтбаев туралы естеліктер.- Алматы: Айқос, 1999.- 314, [1] б.

Есімі әлем жұртшылығына танымал, қазақ халқының мақтанышы, ғылым көгіндегі жарық жұлдыз Қаныш Сәтбаев туралы кезінде қанаттас жүріп жұмыс істеген әріптестері, ет жақын туыстары, шет ел ғалымдары мен қаламгерлерінің үлкен сүйіспеншілікпен жазылған ақжарма естеліктері топтастырылған.



Толыбаев, Қ. Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы: әңгімелер
/ Құрманбай Толыбаев; Қ. Толыбаев.- Алматы: Балауса, 1999.-
77, [3] б.

Жинаққа ұлы ғұлама, санасы сара дана ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы және жастық шағының кейбір кезеңдері жайлы әңгімелер енді.




Есімі ел есінде = В памяти народа [Текст] : монография / [Құраст. : А. Бәделханов, С. Шевченко]. - Павлодар : ТОО НПФ "ЭКО", 2000. - 263,[1] б.

в сборнике представлены статьи и очерки опубликованные к столетию К. И. Сашаева областными газетами "Сарыарка самалы" и "Звезда Прииртышья" и некоторые доклады, прочитанные на Республиканской научно-практической конференции в Павлодаре, "Наука и образование, в стратегии регионального развития", посвященной 100-летию со дня рождения академика.




Әлжанов, Т. М. Қаныш Сәтбаев - қазақ елінің тұлғасы [Текст] : монография / "Сәтбаевтың ізбасарлары" - "Последователи Сатпаева" қоғамдық бірлестігі. - Алматы : Ғылым, 2002. - 163,[1] б.

Кітапта Қаныш Сәтбаевтың өмір жолдары және өзінің сүйікті Қазақстанның гүлдеп даму жолдарында басынан өткерген тар жол тайғақ кешулері туралы баяндалған.



Сәтбаев, Қ.И. Таңдамалы/ Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.- Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. 1 том: Қазақстан менің Отаным. - 381, [1] б

Бұл кітап академик Қаныш Сәтбаевтың қазақ тілінде жазылған еңбектерінен құрастырылған. Мұндағы материалдардың барлығы әр түрлі ғылыми және қоғамдық саяси басылымдарда ұлы ғалымның көзінің тірі кезінде жарық көрген. Олардың басым көпшілігі Қазақстанның минералдық қорының жағдайы мен мыс рудалары хабардар етсе, енді бір бөлігі оқу-ағарту, әдебиет пен мәдениет мәселелеріне арналған.



Қаныш Сәтбаев: энцикл. / [Б. Ө. Жақып бас ред.]- Алматы: Қазақ энцикл., 2011.- 660, [4] б.: суретті.

Энциклопедия қазақтың аса көрнеті ғалымы, академик Қаныш Сәтбаевтың ғылыми және қоғамдық қайраткерлік өмір жолына арналған. Энциклопедияда геолог-ғалымның туып-өскен ортасы мен дүниетанымының қалыптасуы, бай ғылыми-энциклопедиялық мұрасы мен білімі, мемлекеттік қайраткерлік қызметі мен оның сан алуан шығармашылық және практикалық еңбегі бар қырынан қамтылған.